Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

АҚ "Каражанбасмунай", бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Егер сатып алынатын Қызметтер Тәртіптің 10-1-тармағының реттелуіне жататын болса, Тапсырыс беруші өнім берушінің/бірлесіп орындаушының Тәртіптің 61-бабы 10-1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Келісім-шарттың талаптарына сәйкес қызметтер көрсетуге (бұдан әрі – Қызметтер) міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, осы Келісім-шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Орындаушы _____ елінің заңнамасына сәйкес тіркелген тұлға болып табылады, салықтық тіркеу нөмірі: _____ (осы тармақ Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда толтырылады).

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда, валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің мақсаттары үшін төлем Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің төлем жасалған күнгі ресми бағамы бойынша шетел валютасында да жүзеге асырылуы мүмкін;

2.1.2. Орындаушы Келісім-шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды талап етуге құқылы емес, оның ішінде Келісім-шарт жасасу кезінде көрсетілетін Қызметтердің толық көлемін немесе ол үшін қажетті шығыстарды толық көлемде көздеуге мүмкіндік болмаған жағдайларда да. Егер Қызметтерді аяқтау үшін қажетті, бірақ Келісім-шартта ескерілмеген Қызметтер көлемі анықталған жағдайда, Орындаушы осы анықталған, Келісім-шартқа қосымшаларда көзделмеген қызметтерді өз күшімен және барынша мүмкін болатын қысқа мерзімде, Орындаушының көзделмеген шығыстары есебінен, Келісім-шарттық соманы ұлғайтпай орындайды. Кез келген жағдайда Орындаушыда жоғарыда көрсетілген анықталған қызметтер көлемін орындауға жұмсалған шығындарды Тапсырыс берушіден өтеуді талап ету құқығы туындамайды;

2.1.3. Орындаушының нақты шығыстары бағаны айқындау (сметаны жасау) кезінде ескерілген шығыстардан аз болған және Орындаушы алған үнемдеу көрсетілген Қызметтердің сапасына теріс әсер етпеген жағдайларда, Тапсырыс беруші мұндай үнемдеуді Тараптар арасында тең мөлшерде бөлу туралы талап қоюға құқылы;

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.2.1. Бұл ретте, егер Тапсырыс беруші Келісім-шартқа сәйкес Қызметтер нәтижесіне түзетулер енгізуді талап етсе, онда Келісім-шарт бойынша есеп айырысу Тапсырыс беруші тарапынан Келісім-шартта белгіленген мерзімдерде жүргізіледі, алайда бұл Орындаушының Қызметтер нәтижесіне түзетулерді толық және тиісінше енгізгені туралы Тапсырыс берушінің жазбаша растауын Орындаушы ұсынған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.3.1. Аралық төлем көзделген Келісім-шарттар бойынша:

2.3.1.1. Көрсетілген Қызметтердің орындалған көлемінің [пайызын көрсетіңіз] ([сөзбен]) % Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған көрсетілген Қызметтерді көрсету актісінің / Қызметтерді көрсету кезекті кезеңі бойынша көрсетілген Қызметтерді көрсету актісінің қол қойылған күнінен бастап, оның негізінде шот-фактура / төлемге арналған шот (инвойс) жазылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады; Жоғарыда аталған құжаттардың әрқайсысында Келісім-шарттың нөмірі көрсетілуге тиіс.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.3.1.2. Көрсетілген Қызметтердің орындалған көлемінің [пайызын көрсетіңіз] ([сөзбен]) % Орындаушының Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін 100 (жүз) % орындағаннан кейін, Келісім-шарттың 2.4-тармағында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады;

2.3.2. Егер Келісім-шартқа №1 қосымшада алдын ала төлем көзделген болса, мұндай алдын ала төлем Орындаушының төлемге арналған шотты және Келісім-шартта айқындалған аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап, Келісім-шарт бойынша аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейінгі мерзімге жарамды, 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады. Аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі міндеттеме Орындаушыға Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда қолданылмайды. Келісім-шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылмаған жағдайда, Келісім-шарт бойынша төлем Тапсырыс беруші тарапынан аванс төленбестен жүзеге асырылады. Орындаушы аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, мұндай аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.4. Егер Келісім-шартқа №1 қосымшада алдын ала төлем көзделген болса, мұндай алдын ала төлем Орындаушы аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді және төлемге арналған шотты ұсынған күннен бастап, 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады. Келісім-шартта көзделген банктік кепілдік, ақшалай жарна немесе сақтандыру Келісім-шарты түріндегі аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі міндеттеме тек Келісім-шартқа №1 қосымшада алдын ала төлем көзделген және Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген, Орындаушыны қамтамасыз ету ұсынудан босататын негіздер болмаған жағдайда ғана қолданылады. Бұл ретте Орындаушы үшін мұндай қамтамасыз етуді ақшалай жарна нысанында ұсыну басым тәртіпте қарастырылуға тиіс. Аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету банктік кепілдік түрінде қағаз тасымалдағышта ұсынылған жағдайда, аванстық төлемнің тиісті сомасына берілетін кепілдіктің мәтіні Тапсырыс берушімен келісуге жатады, бұл ретте кепілдіктің қолданылу мерзімі Келісім-шартта көрсетілген Қызметтерді көрсету мерзімі аяқталатын айдан кейінгі айдың соңына дейін белгіленуге тиіс. Орындаушы сақтандыру Келісім-шартын ұсынған жағдайда, сақтандыру компаниясы Тәртіптің 64-бабының 6-тармағында көзделген талаптарға, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі Корпоративтік стандартымен белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс. Осы арқылы Орындаушы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі Корпоративтік стандартымен таныс екенін растайды. Бұл ретте, егер Келісім-шарт ұзақ мерзімді болып табылса, аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тиісті жыл үшін Келісім-шарт бойынша аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін белгіленуге тиіс. Келесі қаржы жылы үшін Орындаушы алдыңғы қаржы жылының қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынады. Келісім-шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылмаған жағдайда, Келісім-шарт бойынша төлем Тапсырыс беруші тарапынан аванс төленбестен жүзеге асырылады. Орындаушы аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, мұндай аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.4.1. Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда аванстық төлем (алдын ала төлем) төлемге арналған шот ұсынылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

2.5. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі-Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.5.1. Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлемі бойынша елішілік құндылықты есептеу электрондық құжат нысанында (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) түпкілікті Қызметтерді көрсету актісімен бірге ұсынылады);

2.5.2. Көрсетілген Қызметтерді көрсету актісі;

2.5.3. Екі Тарап қол қойған Қызметтерді көрсету актісі негізінде жазылған шот-фактура;

2.5.4. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (түпкілікті есеп айырысу кезінде ресімделеді), ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

2.6. Орындаушы көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актісіне (актілеріне) электронды түрде қол қоюға жол беріледі. Заңға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісі (актілері) Орындаушымен Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

2.7. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар топтамасын уақтылы ұсынбауына және/немесе қол қоймауына байланысты төлемнің кешіктірілуі үшін жауапты болмайды. 2.8. Нақты көрсетілген Қызметтер үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлемді ескере отырып жүзеге асырылады. 2.9. Шот / шот-фактура Қызметтерді көрсету актісі негізінде жазылады және қызметтерді өткізу бойынша айналым жасалған күннен ерте емес (Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес) және Қызметтерді көрсету актісіне қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынылуға (күнмен белгіленуге) тиіс. 2.10. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотты толық немесе ішінара дауласса, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыны дереу хабардар етуге тиіс, ал Орындаушы дауды Тапсырыс берушінің пайдасына шешкен жағдайда, дауланбайтын сома бөлігіне жаңадан шот ұсынуға міндетті. Тапсырыс беруші мен Орындаушы дауланатын сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу және оларды түзету үшін барлық мүмкін күш-жігерді салуға тиіс. 2.11. Орындаушымен есеп айырысу кезінде Орындаушы Тапсырыс берушінің Орындаушыны жазбаша түрде хабардар ете отырып, біржақты тәртіппен, төлемге жататын соманы төмендетуге (өзара есепке алу

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тәртібімен) құқылы екенімен келіседі, төмендегі сомаларға: - осы Келісім-шарттың және/немесе Тараптар арасында жасалған өзге де мәмілелердің ережелеріне сәйкес Тапсырыс беруші есептеген айыппұл санкцияларының және/немесе залалдардың сомасына; - Орындаушының Тапсырыс берушіге төлеуге тиіс кез келген берешегінің сомасына. 2.12. Осы Келісім-шарт бойынша жүзеге асырылатын төлемдер, ең алдымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде айқындалғандай, Орындаушыға көрсетілген Қызметтер үшін тиесілі төлем бойынша берешекті өтеуге бағытталады. 2.13. Осы Келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасының аумағында Орындаушының пайдасына ақша қаражатын аударуға байланысты шығыстарды Тапсырыс беруші көтереді, ал Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге ақша қаражатын аударуға байланысты барлық өзге шығыстарды, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, корреспондент-банктердің банктік комиссияларын Орындаушы көтереді. Орындаушы Тапсырыс берушінің пайдасына ақша қаражатын аударуға байланысты барлық шығыстарды да өз мойнына алады. 2.14. Орындаушы Келісім-шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды талап етуге құқылы емес, оның ішінде Келісім-шарт жасасу сәтінде көрсетілуге тиіс Қызметтердің толық көлемін немесе ол үшін қажетті шығыстарды толық көлемде көздеуге мүмкіндік болмаған жағдайларда да. 2.15. Егер Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, төлем осы Келісім-шартқа №___ қосымшада белгіленген «Төлемге арналған шоттың/инвойстың нысаны» бойынша Орындаушы ұсынған төлемге арналған шот/инвойс (шот-фактура ресімделмей) негізінде, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын шегеріп тастаумен жүзеге асырылады. Бұл ретте Орындаушының мынадай құқықтары бар: - Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, егер табыс пен капиталға салынатын салықтар бойынша қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтарудың алдын алу мәселелерін реттейтін халықаралық Келісім-шарттың ережелерінде Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын резидент емес тұлғаның табыстарын салық салудың өзге қағидалары көзделген болса, ұсталған корпоративтік табыс салығы сомасын Қазақстан Республикасының бюджетінен өз бетінше қайтаруға; немесе - Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, Орындаушының резиденттік елі үшін есепке жатқызу мақсатында Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтаманы салық органынан алуға. Мұндай анықтаманы салық агенті ретінде Тапсырыс беруші де салық органынан алуға құқылы. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде және қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық Келісім-шарттардың (бұдан әрі – Конвенциялар) қолданылатын ережелерінде көзделген тәртіппен, сондай-ақ салық салу базасын эрозиялау мен пайданы салық салудан шығарып әкетуге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында салық келісімдеріне қатысты шараларды іске асыру жөніндегі Көпжақты конвенцияны (бұдан әрі – MLI) қолдану жағдайында, белгілі бір талаптар мен өлшемшарттардың орындалуына байланысты, Тапсырыс беруші Орындаушының табыстарын Қазақстан Республикасында салық салудан босату немесе оларға төмендетілген мөлшерлемені қолдану туралы шешімді дербес қабылдауға құқылы. 2.16. Тапсырыс берушінің MLI қолданылған жағдайда оны ескере отырып Конвенция ережелерін қолдану мүмкіндігін қарастыруы үшін, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша, Тапсырыс беруші белгілеген талаптарға және мерзімдерге сәйкес ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Тапсырыс беруші Орындаушы ұсынған ақпарат пен растайтын құжаттар негізінде Орындаушының Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрған-құрмағанын тексереді. Орындаушының Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрғаны анықталған жағдайда, сондай-ақ Орындаушы ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынбаған немесе оларды толық ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушының табыстарына қатысты төмендетілген салық мөлшерлемесін қолдану немесе оларды Қазақстан Республикасында салық салудан босату бөлігінде Конвенция ережелерін қолдануға құқылы болмайды және Орындаушыға табыс төлеу кезінде Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленген мөлшерлеме бойынша табыс салығын ұстайды. 2.17. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, егер Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын жеке тұлғалар немесе азаматтығы жоқ адамдар, Орындаушының қызметкерлері және (немесе) орындаушылары (қоса орындаушылары), не Орындаушының қоса орындаушысының (қоса орындаушыларының) қызметкерлері болып табылатын, Орындаушы осы Келісім-шарт шеңберінде тартқан тұлғалар (бұдан әрі – қызметкер(лер)), ағымдағы салықтық кезең үшін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты түрде болатындар деп танылса (яғни Қазақстан Республикасының аумағында кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде, осы Келісім-шартқа қол қойылған, осы Келісім-шарт қолданылатын немесе көрсетілген Қызметтерді көрсету актісі(лер)не қол қойылған күнтізбелік жылда аяқталатын кезеңде кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған жағдайда), мұндай қызметкерлердің табыстары Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 656-бабына сәйкес жеке табыс салығымен (бұдан әрі – ЖТС) салық салуға жатады. Қызметкерлердің табыстарынан ЖТС-ты уақтылы және толық ұстап қалу үшін жауапкершілік салық агенті ретінде Тапсырыс берушіге жүктеледі. ЖТС бойынша міндеттемелер осы тармақтың төменде көрсетілген тармақшаларында белгіленген тәртіпке сәйкес орындалады. 2.17.1. Өзінің салықтық міндеттемесін орындау мақсатында Тапсырыс беруші Келісім-шарт бойынша Қызметтер үшін әрбір төлем жасаған кезде, әрбір осындай төлем сомасының 80 пайызынан 10 пайыз мөлшерінде есептелген соманы қызметкерлердің табыстарынан ЖТС төлеу есебіне ұстап қалады. 2.17.2. Орындаушы №6 қосымшада көрсетілген нысан бойынша, барлық қызметкерлер туралы деректерді көрсете отырып, әрбір осындай қызметкердің төлқұжатының көшірмелерін (қызметкерлердің жеке басын куәландыратын заңнамада көзделген өзге де құжаттардың көшірмелерін), Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өтуі туралы шекаралық бақылау-өткізу пункттерінің белгілерімен, сондай-ақ қызметкерлердің Қазақстан Республикасында болу уақытын растайтын өзге де құжаттарды қоса тіркеп, Тапсырыс берушіге мынадай мерзімдерде ұсынады: (1) Келісім-шартқа қол қою сәтінде (ақпарат Келісім-шарт жасалған жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап Келісім-шарт жасалған күнге дейінгі деректерді қамтуға тиіс); (2) Қызметтерді көрсету Актісіне қол қою күніне (ақпарат Қызметтерді көрсету актісіне қол қойылған жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап Актке қол қойылған күнге дейінгі деректерді қамтуға тиіс). Аталған құжаттар әрбір қызметкердің ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында 183 (жүз сексен үш) және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болғанын/болмағанын айқындау және ЖТС сомасын белгілеу үшін Тапсырыс берушіге ұсынылады. 2.17.3. Қазақстан Республикасының аумағында ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық қызметкерлер бойынша, Қызметтерді көрсету актісімен бір мезгілде төмендегі құжаттар ұсынылады: 1) Қазақстан Республикасына жіберілген әрбір қызметкермен жасалған жеке еңбек Келісім-шартының (шарттың) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы Келісім-шарттың нотариат куәландырған көшірмесі; 2. Орындаушының резиденттік мемлекетінің заңнамасында көзделген, қызметкердің еңбек Келісім-шарты және (немесе) қызметкермен жасалған азаматтық-құқықтық сипаттағы Келісім-шарт шеңберінде жалдамалы жұмысынан алатын табыстары туралы мәліметтерді қамтитын өзге құжат. 2.17.4. Осы Келісім-шарттың 2.17.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы Келісім-шарттың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.17.2 және 2.17.3-тармақшаларына сәйкес ұсынылған құжаттар негізінде соңғы Қызметтерді көсрету актісіне қол қойылған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Орындаушыға (толық немесе ішінара) қайтарылуы мүмкін. Қайтарылатын ЖТС сомасын Тапсырыс беруші осы Келісім-шарттың 2.17.5-тармақшасында көрсетілген формула бойынша, Келісім-шарттың аяқталған күніне төмендегі шарттардың бір мезгілде орындалуы жағдайында айқындайды: (1) барлық қызметкерлер бойынша Келісім-шарттың 2.17.2-тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылған болса; (2) Келісім-шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген және ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында кемінде жүз сексен үш күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық қызметкерлер бойынша Келісім-шарттың 2.17.3-тармақшасында көрсетілген құжаттар белгіленген көлемде және белгіленген мерзімдерде ұсынылған болса. 2.17.5. Қайтарылатын ЖТС сомасы төмендегі тәртіппен айқындалады: ЖТСқайтар = ЖТСұст – ПДР × 10%, мұнда: ЖТСқайтар – Орындаушыға қайтарылуға жататын ЖТС сомасы; ЖТСұст – осы Келісім-шарттың 2.17.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы; ПДР – ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық қызметкерлердің табыстары, егер бұл табыстар Келісім-шарттың 2.17.3-тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталса. Табыс сомасы Келісім-шарттың қолданылу мерзімі шегінде Қазақстан Республикасында болудың күнтізбелік күндерінің санына қарай айқындалады. 2.17.6. Орындаушы Келісім-шарттың 2.17.2 және 2.17.3-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ осы Келісім-шарт тармағының 2.17.2-тармақшасына сәйкес ұсынылған ақпарат негізінде Келісім-шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген қызметкерлердің кемінде біреуі ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болғаны анықталып, алайда ол қызметкер бойынша Келісім-шарттың 2.17.3-тармақшасы шеңберінде құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Келісім-шарттың 2.17.1-тармақшасына сәйкес ұстап қалған ЖТС-тың бүкіл сомасы Орындаушыға қайтарылуға жатпайды және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленеді. Орындаушы осы Келісім-шарттың осы тармағын тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде дұрыс емес ақпарат ұсынған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша, осыған байланысты Тапсырыс берушіде туындаған залалдарды, оның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндеттенеді. 2.18. Қазақстан Республикасының салықтарға, алымдарға және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қою арқылы осы Келісім-шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді. 2.19. Осы Келісім-шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексінің нормаларын қолдану туралы кез келген ережелерге қарамастан, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық Келісім-шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда көрсетілген Келісім-шарттың қағидалары қолданылады. 2.20. Осы арқылы Орындаушы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі Корпоративтік стандартының Келісім-шарттарымен таныс екенін және оларды қабылдайтынын растайды.

3. Қызмет көрсету мерзімдері мен шарттары

3.1. Орындаушы Қызметтерді Келісім-шартқа №1 және №2 қосымшаларға сәйкес шарттарда, көлемде, орындау орнында және мерзімдерде көрсетуге міндетті, бұл ретте Орындаушы Қызметтерді көрсетуге күнтізбелік кестеде көзделген Қызметтерді көрсету басталатын күннен немесе кезеңнен бастап [күндер саны] ([сөзбен]) жұмыс күнінен кешіктірмей кірісуге міндетті.

3.2. Қызметтерді көрсету күні Тараптар тарапынан Қызметтерді көрсету актісінде көрсетіледі.

3.3. Орындаушы Қызметтерді көрсету үшін қоса орындаушыларға (қосалқы мердігерлерге) беруге құқылы Қызметтердің шекті көлемі Орындаушының тендерлік өтінімінде көрсетілген көлемдерден аспауға тиіс. Бұл ретте, егер Келісім-шарт Тәртіптің 59-бабы 1-тармағының 17) тармақшасы негізінде бір көзден алу тәсілімен сатып алу қорытындылары бойынша жасалған болса, Орындаушы Қызметтерді көрсету бойынша көлемнің кемінде үштен екісін (2/3) өз бетінше орындауға міндетті (бизнес-шешімдер провайдері қызметтерін көрсету жағдайларын қоспағанда).

3.4. Қызметтер Тараптар осы Келісім-шартта белгіленген нысан бойынша жұмыс тапсырмаларына қол қоюына қарай Орындаушы тарапынан көрсетілуге жатады (бұдан әрі – Жұмыс тапсырмалары). Жұмыс тапсырмаларында Тараптар Қызметтердің жекелеген бөліктерін көрсету көлемін, мерзімдерін, сипаттамасын, нәтижелерді ресімдеуге қойылатын талаптарды, құнын және өзге де шарттарды нақтылайтын болады. Орындаушының Жұмыс тапсырмасын қарау мерзімі Тапсырыс беруші оны жолдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

3.5. Орындаушы Қызметтерді көрсету үшін қоса орындаушыларға (қосалқы мердігерлерге) беруге құқылы Қызметтердің шекті көлемдері Келісім-шартқа №2 қосымшада көрсетіледі және жиынтығында Қызметтердің жалпы көлемінің төрттен бірінен аспауға тиіс. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы Тапсырыс беруші тиісті талапты жолдаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Келісім-шарттың жалпы сомасы бойынша Бағалар кестесін Тапсырыс берушіге ұсынуға және Бағалар кестесін осы Келісім-шарттың ажырамас бөлігі ретінде қабылдау туралы Тапсырыс берушімен қосымша келісім жасасуға міндетті. Қызметтер Орындаушы жасаған Бағалар кестесіне сәйкес көрсетілген жағдайларда, Бағалар кестесі Тапсырыс беруші оны растаған сәттен бастап күшіне енеді және Келісім-шарттың бір бөлігі болып табылады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Орындаушы:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтерге құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ішінде:

4.1.2.1. Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлемі (саны) бойынша елішілік құндылықтың есебін Келісім-шарт бойынша түпкілікті Қызметтерді көрсету актісімен бірге электрондық құжат нысанында (Веб-порталда ұсынылады) Келісім-шартқа № 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынуға. Егер Келісім-шарт ұзақ мерзімді болып табылса (он екі айдан астам мерзімге жасалған немесе Қызметтерді орындау мерзімі келесі күнтізбелік жылға өтетін болса), Орындаушы Келісім-шарттың қолданылу мерзімі ішінде әрбір күнтізбелік жылдың қаңтар айының 20-сына дейін алдыңғы күнтізбелік жыл үшін көрсетілген Қызметтер көлемі бойынша елішілік құндылықтың үлесін айқындайтын аралық нақты есепті/есептемені ұсынуға міндетті;

4.1.2.1.1. Келісім-шарттың мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша Қызметтерді көрсету актісін;

4.1.2.1.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жазылған шот-фактураны;

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.4. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;

4.1.5. Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.6. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкешілікті көтеруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде авариялларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.9. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

4.1.10. Осы Келісім-шартты орындауға тартылған Орындаушы қызметкерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қамтамасыз ету шығыстарын арттыруға және осы міндеттемені орындауды дәлелдеу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының үзінділерін тоқсан сайын, кешіктірмей _____ мерзімінде ұсынуға (Тәртіптің 59-бабының 1-тармағының 9-тармақшасының алтыншы абзацына сәйкес Келісім-шарт жасалған жағдайда және Тәртіптің 65-бабының 1-тармағының 16-тармақшасына сәйкес жасалған Келісім-шарттарға өзгерістер енгізу кезінде қолданылады);

4.1.11. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқудан өткен мамандарды ҚР заңнамасының талаптарында көзделген көлемдер мен мерзімдерде (қызметтерге қатысты болса) Қызмет көрсетуге мүмкіндік беруге;

4.1.12. Ұйым құрылымында қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, Орындаушы және (немесе) қосалқы орындаушының жалпы қызметкер саны 50 (елу) адамнан асатын (қызметтерге қатысты болса) қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметін және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мамандарды ұстауға;

4.1.13. Қызметкерлерге міндетті кезеңдік медициналық тексерулерді, оның ішінде ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысым соңындағы (рейс соңындағы) медициналық тексерулерді уәкілетті денсаулық сақтау органымен белгіленген тәртіппен қамтамасыз ету (қызметтерге қатысты болса);

4.1.14. Қызметкерлерге арнайы киім және Қызметтерді қауіпсіз көрсету үшін қажетті жеке және ұжымдық қорғау құралдарын қамтамасыз ету (талап қызметтерге қатысты болған жағдайда ғана енгізіледі);

4.1.15. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуді қамтамасыз ету, белгіленген талаптардың сақталуын қадағалау және анықталған бұзушылықтарды жою үшін дереу шаралар қабылдау (қызметтерге қатысты болса);

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.16. Тапсырыс берушіге берілетін Қызмет нәтижелерінің сапасын қамтамасыз ету. Келісім-шартта көрсетілген Қызметтерді уақытылы және сапалы түрде, келесі талаптарды сақтай отырып көрсету: 1. қолданылатын заң талаптары, оның ішінде экологиялық заңнаманы, Келісім-шарт шарттары (Келісім-шарттың 4.1.1 тармағында көрсетілгендей); 2. егер осы Келісім-шартта (соның ішінде Техникалық сипаттамада) өзгеше көзделмеген болса, Келісім-шартта көрсетілген Қызметтерді өз күшімен, материалдарымен және құрал-жабдықтарымен (қызметкерлермен, жабдықтармен, технологиялық жабдықтармен, машиналар мен механизмдермен, арнайы техникамен және т.б., құралдар мен аспаптармен, ЖЖМ және т.б.) көрсетуге;

4.1.17. Осы Келісім-шарт бойынша Қызмет көрсету үшін барлық қажетті рұқсаттар мен кез келген басқа құжаттарды және өкілеттіліктерді өз бетінше және өз қаражатына алу және ұстау, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: - көрсетілетін Қызметтерге лицензиялар, сертификаттар; - шетелдік еңбек күшін тартуға рұқсаттар; - кез келген патент иелері мен лицензия иелерінің талаптарына байланысты құқықтар мен құралдар, жабдықтар, технологияларға немесе олардың қолданылуына немесе өндірілуіне қатысты кез келген құқықтар мен преференциялық құқықтар, бұл Қызметтерді көрсету барысында немесе Қызметтерді орындау нәтижесінде немесе салдарынан орын алуы мүмкін. Орындаушы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қолданылатын технологиялардың патенттік тазалығын қамтамасыз етеді; - Келісім-шарт бойынша Қызмет көрсетуге қажетті басқа рұқсат құжаттары.

4.1.18. Осы Келісім-шарт бойынша Қызмет көрсету үшін Орындаушы міндеттемелерін тиісінше орындауға мүмкіндік беретін біліктілік, тәжірибе және қабілеті бар мамандарды тарту;

4.1.19. Келісім-шарттық міндеттемелерді Тапсырыс берушінің күзетілетін нысандарында орындау кезінде Орындаушы қызметкерлеріне Тапсырыс берушінің кіру және ішкі режим талаптарын сақтатуды қамтамасыз ету;

4.1.20. Тапсырыс берушіге тиесілі әкімшілік ғимараттарда немесе аумақтарында Қызмет көрсетілетін болса, Орындаушы қызметкерлеріне Тапсырыс берушінің қауіпсіздік, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша бастапқы нұсқаулықтан өтуін қамтамасыз ету;

4.1.21. Қазақстан Республикасының еңбек және табиғатты қорғау заңнамасы талаптарын, сондай-ақ Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарын сақтау; Орындаушы осы Келісім-шартта көзделген құжаттардың талаптарын Қызмет көрсету басталмас бұрын танысқанын растайды және олардың талаптарын қатаң сақтауға келіседі;

4.1.22. Қызмет көрсету барысында Тапсырыс берушінің мүлкін, Қызмет көрсету үшін берілген Орындаушының өз мүлкін, материалдарын, жабдықтарын және басқа да мүліктерін (соның ішінде ұзақ уақыт қызмет көрсету орындарында тұрғандарын) сақтау;

4.1.23. Қызмет көрсету барысында өз әрекеттерімен Тапсырыс берушінің және оның контрагенттерінің жұмысын кедергілемеу;

4.1.24. Көрсетілетін Қызметтердің сапасын бақылау, кемшіліктерді алдын алу және жою бойынша уақтылы шаралар қабылдау;

4.1.25. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қызмет көрсетуге қатысты кез келген (нақты) ақпаратты және құжаттарды, соның ішінде Қызмет көрсету әрекеттеріне қатысты ақпарат пен растайтын құжаттарды, сондай-ақ Орындаушының шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін ұсыну. Ақпаратты ұсынудың сипаты, көлемі және формасы (жазбаша немесе ауызша) Тапсырыс берушімен анықталады. Орындаушы Тапсырыс берушіден жазбаша талап алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ҚҚС төлеу және декларациялауын растайтын барлық қажетті құжаттарды, соның ішінде 300.00 салық есептемесінің нысаны (СЕН 300.00) және салық органы СЕН 300.00 қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы хабарламаны ұсынуға міндетті;

4.1.26. Қызмет көрсету барысында Орындаушының тәуелді емес жағдайларынан туындаған Тапсырыс беруші үшін ықтимал теріс нәтижелерді, нұсқаулардың орындалуынан пайда болатын немесе Қызмет көрсету сапасы мен мерзіміне әсер ететін басқа жағдайларды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушіні дереу хабардар ету және оның нұсқауларын алғанға дейін Қызмет көрсетуді тоқтату. Қызметтерді жалғастырудың мақсаттылығын талқылау мәселесі Тапсырыс беруші хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тараптармен шешіледі.

4.1.27. Қызметтер нәтижелері бойынша Тапсырыс берушіге берілген нәтижелерге үшінші тұлғалардың ерекше немесе басқа құқықтарының және солар бойынша ақшалай талаптарының болмауын қамтамасыз ету. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы көрсетілген Қызмет нәтижелеріне немесе олардың бір бөлігіне ерекше құқықтарды Тапсырыс берушіге беруі міндетті;

4.1.28. Келісім-шарт талаптарын дұрыс орындамағандықтан және басқа заңсыз әрекеттерінен туындаған барлық шығындарды Тапсырыс берушіге өтеу. Егер құзыретті мемлекеттік орган немесе кез келген басқа үшінші тұлғалар Орындаушы көрсеткен Қызметтерге қатысты талаптар қойса, нәтижесінде Тапсырыс берушіге айыппұл (өсімпұл) салынса немесе қандай да бір шығын сомасы өндірілсе, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабымен аталған айыппұл (өсімпұл) және шығын сомасын дереу өтеуге міндетті;

4.1.29. Келісім-шарт бойынша Қызметтер көрсетілгеннен кейін немесе Тапсырыс берушінің талабымен Келісім-шартты орындау үшін алынған барлық материалдарды (қағаз және электронды тасымалдаушылардағы ақпарат, құжаттама, сызбалар мен жоспарлар және т.б.) қайтару;

4.1.30. Осы Келісім-шартқа қосымша ретінде берілген «Мүдделер қайшылығы туралы мәліметтер» қосымшасында көрсетілген

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

мүдделер қайшылығы туралы мәліметтердің шынайылығын қамтамасыз ету және Орындаушының мүдделер қайшылығының жоқтығына берген кепілдіктері мен растамалары үшін жауапкершілікті тарту;

4.1.31. Мүдделер қайшылығы туралы мәліметтерді Келісім-шартқа тиісті қосымшаны қол қою арқылы беру, олардың шынайылығы мен толықтығын қамтамасыз ету. Мүдделер қайшылығы туралы мәліметтер бойынша жалған ақпарат берілгені немесе кепілдіктер мен растамаларды бұзғаны үшін, Келісім-шарттың жалпы құнының 1%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге жауапты;

4.1.32. Мүдделер қайшылығына қатысты кез келген оқиғалар мен фактілер туралы Тапсырыс берушіні дереу хабардар ету; мүдделер қайшылығының белгілері анықталған жағдайда, Тапсырыс берушіні дереу хабардар ету және Қызметтердің әрі қарай көрсетілу мүмкіндігін (немесе мүмкін еместігін) шешу үшін шаралар қолдану;

4.1.33. Мүдделер қайшылығы туралы мәліметтерді бергеннен кейін, Қызмет көрсету барысында мүдделер қайшылығының болу ықтималдығы немесе белгілері анықталған жағдайда, жазбаша түрде осы Келісім-шартқа қол қойған тұлғаға немесе оның орынбасарына қосымша мәліметтерді дереу хабарлау;

4.1.34. Қызмет көрсету барысында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағандағы құпия ақпаратты жариялау үшін Тапсырыс берушіден жазбаша келісім алу;

4.1.35. Тапсырыс берушімен қатынастарда жоғары этикалық нормаларға сүйену және «Самұрық-Қазына» АҚ директорлар кеңесінің 2014 жылғы 16 қазан, №114 хаттамамен бекітілген консультациялық қызметтерді тарту кезінде мүдделер қайшылығын болдырмау саясаты талаптарын қатаң сақтау;

4.1.36. Тапсырыс берушімен қарым-қатынастарды адалдық, шынайылық, қажетті ақпаратты толық ашу қағидаттары негізінде, сондай-ақ Тапсырыс берушінің мүдделерінің басымдығын қатаң сақтай отырып және Тапсырыс берушінің тапсырмаларын орындау барысында консультациялық қызметтерді тарту кезінде мүдделер қақтығысын болдырмау жөніндегі, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 16 қазандағы №114 хаттамасымен бекітілген Саясаттың және «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдарда консультациялық қызметтерді тарту кезінде мүдделер қақтығысын болдырмау жөніндегі, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 28 қазандағы №48/14 хаттамасымен бекітілген Корпоративтік стандарттың өзге де талаптарын қатаң сақтай отырып құру;

4.1.37. Қызметтер көрсетілген күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде Келісім-шарттың нысанасына байланысты немесе одан туындайтын мәселелер бойынша Тапсырыс берушімен өзара қатынастарда үшінші тұлғалардың мүдделерін білдірмеу;

4.1.38. Егер Орындаушының Тапсырыс берушінің мүдделерін ұсынуы қатарлас мүдделер қайшылығын туындатса немесе туындатуы мүмкін болса, Тапсырыс берушіні хабардар етіп, оның тиісті нұсқауларын алғанға дейін Қызмет көрсету барысын уақытша тоқтату. Қатарлас қайшылық Орындаушының ағымдағы клиентін ұсынуы Тапсырыс берушінің мүдделеріне сәйкес келмеген жағдайда немесе Орындаушының бір немесе бірнеше ағымдағы клиенттерін ұсынуы Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелерді бұзуы мүмкін болған жағдайда туындайды;

4.1.39. Мүдделер қайшылығы салдарынан туындаған шығындарды өтеу бойынша Тапсырыс беруші алдында толық жауапкершілікті өз мойнына алу;

4.1.40. Тапсырыс берушімен, Қор тобына кіретін ұйымдармен, Қазақстан Республикасы мен Қазақстан Республикасының Үкіметімен мүдделер қайшылығының болмауын қамтамасыз ету;

4.1.41. Тапсырыс берушіден алынған барлық ақпараттың құпиялығын қатаң сақтау, Келісім-шарт тоқтатылған жағдайда алынған ақпарат/мәліметтерді қайтару және/немесе жоюды қамтамасыз ету;

4.1.42. Орындаушы Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтар арасындағы еңбекақы төлеу саласында кемсітушіліктің болмауын қамтамасыз етуге міндетті;

4.1.43. Орындаушы Келісім-шарт бойынша көрсетілетін Қызметтерді салық заңнамасының талаптарына сәйкес көрсетуі тиіс, соның ішінде тиісті салықтар мен міндетті төлемдерді уақытында және дұрыс есептеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ салық есептілігін дұрыс құрастыру және оны салық органына уақытылы тапсыру. Орындаушы осы тармақты немесе Келісім-шарттың басқа талаптарын дұрыс орындамаған жағдайда, оның ішінде толық емес немесе жалған ақпарат ұсынған жағдайда, сондай-ақ (1) жалған/қате ақпарат немесе құжаттар ұсыну, (2) Орындаушының табыс алушы мәртебесіне немесе Конвенция мен MLI талаптарының орындалуына қатысты берілген кепілдіктерін бұзу, немесе (3) салық органдарының осы Орындаушыға Конвенция бойынша салық жеңілдіктерін қолданудан бас тартуға негіз болған басқа жағдайларды анықтауы салдарынан Тапсырыс берушіге қосымша салықтар мен айыппұлдар салынса, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабымен туындаған барлық шығындарды, оның ішінде қосымша салықтар мен айыппұлдарды өтеуге міндетті. Шығынды өтеу міндеттемесі Қазақстан Республикасының салық заңнамасында Тапсырыс беруші үшін белгіленген талап ету мерзімі шеңберінде қолданылады;

4.1.44. Осы Келісім-шарттың 7.2.2 тармағында көзделген жауапкершілік аясында, Орындаушының осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе дұрыс орындамауы жағдайында (жоғарыда көрсетілген тармақты қоса алғанда), мемлекеттік органдардың камералық бақылау, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексеру жүргізу, сондай-ақ басқа шаралар шеңберінде Келісім-шартта қарастырылған операциялар бойынша есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) немесе растауды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қамтамасыз етпеу фактілері анықталған жағдайда, Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС-тың артығын қайтарудан бас тартылған немесе салықтар мен қаржылық санкциялар қосымша есептелген болса, Орындаушы Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін 10 (он) күн ішінде қайтарудан бас тартылған ҚҚС-тың барлық сомасын және қосымша есептелген барлық салықтар мен қаржылық санкцияларды өтеуге міндетті. Осы тармақта көзделген міндеттеме тек Орындаушымен өзара қатынастармен шектелмей, сондай-ақ Орындаушының жеткізушілерімен өзара қатынастарға да қатысты болуы тиіс, олар Тапсырыс берушімен есеп айырысуларды растамау, ҚҚС-ты қайтармау немесе салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеу жағдайларын тудырған кездерге де қолданылады;

4.1.45. Егер Келісім-шартта Орындаушыдан Қызмет көрсету үшін материалдар/тауарлар, соның ішінде берілген материалдар/тауарлар жеткізу көзделсе, Орындаушы Қазақстанда өндірілген жағдайда отандық материалдар/тауарларды сатып алуға міндетті. Сонымен қатар Орындаушы Қызмет көрсету үшін материалдар/тауарларды сатып алу Келісім-шарттарын алдын ала Тапсырыс берушімен келісуге міндетті.

4.1.46. Егер осы Келісім-шартты орындау шеңберінде тауарларды жеткізу көзделсе, жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерге, стандарттардың талаптарына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа құжаттарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну;

4.1.47. Әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығын сақтау және/немесе қалпына келтіру шараларын қабылдау шеңберінде, Тәртіптің 65-бабының 1-тармағының 16)-тармақшасына сәйкес Келісім-шартқа өзгерістер енгізілген жағдайда, Орындаушы Келісім-шартты орындауға тартылған қызметкерлердің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығындарын арттыруға міндетті. Осы міндеттемені орындауды растау үшін Орындаушы әр айдың 15-не дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қызметкерлер үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы анықтамаларды ұсынуға, сондай-ақ Орындаушы қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шығындарының өсуін растайтын ақпарат пен құжаттарды ұсынуға міндетті. Осы тармақтағы міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабымен сатып алу туралы Келісім-шарттың жалпы құнының 10%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті, ол Орындаушы тарапынан төленуі немесе Тапсырыс беруші тарапынан Қызмет көрсетілгенін растайтын тиісті (соңғы) актіге қол қойғанға дейін ұсталып қалуы мүмкін.

4.1.48. Осы Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және кейіннен ай сайын, Келісім-шартты орындауда тартылған барлық қосалқы мердігерлер туралы, олардың атауы, орналасқан жері, Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) және Орындаушымен байланыстылығының белгілері көрсетілген ақпаратты Тапсырыс берушіге ұсыну. Тапсырыс беруші соңғы бенефициардың офшорлық аймақтарда тіркелгенін тексеру құқығын өзінде қалдырады.

4.1.49. Тапсырыс берушіге берілетін Қызметтердің нәтижелерінің сапасын қамтамасыз ету; Келісім-шартта көзделген Қызметтерді уақтылы және сапалы көрсету, келесі талаптарды сақтау: 1) қолданылатын құқық нормаларының, соның ішінде экологиялық заңнаманың, Келісім-шарттың талаптарының сақталуы (Келісім-шарттың 4.1.1-тармағында көрсетілгендей); 2) санитарлық-эпидемиологиялық, мемлекеттік экологиялық және (немесе) басқа сараптамалардың қорытындыларының, сондай-ақ Тапсырыс берушіге берілген экологиялық әсерге рұқсаттың (әрбір ластау көзі бойынша эмиссия нормативтері, жұмыс уақыты және т.б.) сақталуы, сондай-ақ Орындаушыға қатысты талаптардың орындалуы. Егер осы Келісім-шартта (соның ішінде Тапсырыс берушінің Техникалық тапсырмасында) басқаша көзделмесе, Келісім-шартта көрсетілген Қызметтерді өз күштерімен, материалдары мен құралдарымен (қызметкерлер, жабдықтар, технологиялық жабдықтар, машиналар мен механизмдер, арнайы техника, құрал-саймандар, аспаптар, ЖЖМ және т.б.) орындау. Орындаушының сұрауы бойынша объективті (техникалық немесе басқа) мүмкіндіктің болу жағдайында, Тапсырыс беруші (төлем негізінде) Қызмет көрсетуге қажетті ресурстар мен қызметтерді қамтамасыз етеді, олардың шекті тізімі, мазмұны, құны және төлеу тәртібі Келісім-шарттың «Тапсырыс берушінің қатысу Келісім-шарттары мен тәртібі» Қосымшасында көрсетіледі.

4.1.50. Қаражанбас кен орнында электр желісіне қосылу үшін (вахталық вагоншалар, электр орнатылымдары, электр жабдықтары және т.б.), Орындаушы алдын ала (Қызмет көрсету басталғанға дейін, оларды уақтылы көрсетуге қажетті мерзімде): - энергия жеткізуші ұйыммен өз бетінше Келісім-шарт жасайды; - Тапсырыс берушінің аумағында Қызмет көрсетудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс берушіден техникалық Келісім-шарттарды алады және Орындаушыға қосылатын барлық электр орнатылымдарының Қазақстан Республикасындағы тұтынушылардың электр орнатылымдарын техникалық пайдалану ережелеріне және электр орнатылымдарын пайдалану кезінде техника қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес болуын қамтамасыз етеді.

4.1.51. Қызмет көрсету барысында Тапсырыс берушінің қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау, сонымен қатар Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген талаптарға сәйкес әрекет ету; Келісім-шарттың «Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар, бұзушылықтар үшін айыппұл мөлшері» Қосымшасы талаптарын сақтау (ашық көздерден техникалық қажеттілікке арналған суды қолдануға тыйым салуды қоса алғанда), «Қаражанбасмұнай» АҚ нысандарында немесе «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін қызмет көрсететін мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл ережелерін орындау. Орындаушы қажетті шарттарды, талаптарды, және стандарттарды орындамаса, Орындаушыға Тапсырыс беруші нысандарында жұмыс істеуге тыйым салынуы мүмкін немесе Қызмет көлемі тек Тапсырыс беруші рұқсат ететін Қызметтерге дейін шектеледі. Сонымен қатар, Орындаушы Келісім-шарт талаптарына сәйкес міндеттемелерді уақтылы және толық орындағаны үшін жауапты.

4.1.52. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Орындаушыға Қызмет көрсету процесін тоқтату тыйым салынады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.53. Қызмет көрсетуге тартылған қызметкерлер қатысатын ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және басқа еңбек даулары туындаған жағдайда, Орындаушы өз ұйымының бірінші басшысының осы жағдайларға байланысты барлық мәселелерді реттеу шараларына тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

4.1.54. Орындаушы қызметкерлердің жұмысын еңбек даулары туындаған кезеңде Қызмет көрсетуді толық тоқтатуды болдырмайтындай етіп ұйымдастыруға міндетті. Қажет болған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша қызметкерлер немесе қосалқы мердігерлерді тартуға міндетті.

4.1.55. Орындаушы ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек жанжалдары кезіндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеуге, Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге, сондай-ақ Қызметтерді көрсету кезінде барынша кідірістерді болдырмау үшін персоналды осы жағдайларды реттеу жөніндегі шараларға уақтылы оқытуға міндетті.

4.1.56. Орындаушы өз күштерімен реттеу мүмкін болмайтын еңбек даулары туындаған жағдайда, ол осы әрекеттерді Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, дауды тез шешу үшін білікті медиаторларды немесе мамандарды өз қаражатына тартуға міндетті.

4.1.57. Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз ету банктік кепілдік түрінде берілген жағдайда, банктік кепілді осы Келісім-шартқа қосымшада көрсетілген форма бойынша ұсыну қажет. Егер банктік кепіл белгіленген формаға сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші банктік кепілді қайтарады және ол ұсынылмаған деп есептеледі.

4.1.58. Орындаушы Тапсырыс берушіге қолданылатын салық режимін растайтын құжатты (мемлекеттік кірістер органдары берген хабарлама) ұсынуға міндетті.

4.1.59. Орындаушы салық режимінің өзгергенін растайтын құжатты (мемлекеттік кірістер органдары берген хабарлама) дереу Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті.

4.1.60. Салық режимі және/немесе оның өзгеруі туралы ақпаратты бермеу, уақытында бермеу немесе дұрыс бермеу жағдайында, Орындаушы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады және аталған әрекеттердің (әрекетсіздіктің) нәтижесінде Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалды, оның ішінде қосымша есептелген салықтар, айыппұлдар мен санкцияларды өтеуге міндетті.

4.1.61. Орындау және көрсету кезінде тауарларды сатып алу «Атамекен» ҚР ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі - ҰКП) келісімі бойынша сатып алу жөніндегі қор операторы бекіткен тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін Қызметтер тізбесінде қызметтер болған жағдайда сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің Тараптардың көрсетілген қызметтерді қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (тауар өндірушілерден) сатып алу туралы шарттың (шарттардың)/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын(іске асыратын) ұйымнан, Тауарларды қабылдап алу-тапсыру актілерінің көшірмелерін қол қойған күнге дейін ұсынуы өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанының растауы болады. Тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарына байланысты Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Өнім беруші осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушіге сатып алу туралы шарттың(шарттардың) және құны жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауар(тауарлар) бағасынан төмен тауарды(тауарларды) қабылдап алу-беру актісінің (актілерінің) көшірмесін ұсынады.

4.2. Орындаушы:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтылымды баламалы етіп ауыстыруға;

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіппен және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында Қызметтер (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемінің (құнының) ¼ - ден аспайтын көлемін бірлесіп орындаушыларға ұсынуға;

4.2.6. Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.7. Тапсырыс берушіден аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Шарт талаптарына сәйкес Орындаушы көрсеткен қызметтерді қабылдауға;

4.3.2. Орындаушыдан алған күннен бастап шағымдар болмаған жағдайда 10 (он) жұмыс күні ішінде Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Қызметтерді көрсету актісі бойынша алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдау немесе аталған мерзімде Қызметтерді қабылдаудан негізделген бас тарту туралы хабарлама жолдау. Қызметтерде кемшіліктер болған жағдайда, Орындаушыға кемшіліктер тізімін және оларды жою мерзімін көрсету;

4.3.6. Көрсетілген Қызметтердің көлемі, құны және сапасы нормативтік құжат талаптарына сәйкес келуін бақылау және қадағалау;

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Орындаушыдан Шартпен қарастырылған Қызметті тиісті сапада және мөлшерде алуға;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше төмендете отырып, Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтің кез-келген бөлігінен бас тартуға;

4.4.3. Шартты бұзу және (немесе) ҚР заңнамасында, тәртіппен және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға; Тапсырыс беруші Орындаушының қызметтердегі елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Кез келген уақытта Орындаушының қызметіне араласпай, Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Орындаушыдан Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Келісім-шартта және оған қосымшаларда көрсетілген Қызметтердің сапалы және уақытылы көрсетілуін талап ету, сондай-ақ көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жоюды талап ету. Егер Орындаушы Қызметтердегі кемшіліктерді жою бойынша міндеттемелерін орындамаса, жазбаша нұсқау арқылы Қызметтерді толық немесе бөлігін тоқтатуды бұйыру; 4.4.7. Қызметтердің орындалу барысын және Қызметтердің Қазақстан Республикасында қабылданған талаптарға сәйкестігін кез келген кезеңде бақылау; 4.4.8. Келісім-шартқа қатысты кез келген техникалық немесе басқа ақпаратқа қол жеткізу құқығы, сондай-ақ Орындаушы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген дереккөздерден, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарынан және т.б., жинау және қадағалау құқығы. 4.4.9. Келісім-шартта белгіленген тәртіппен Қызметтер қабылданғаннан кейін, Орындаушы өзінің қалауы бойынша үшінші тұлғаларға шектеусіз Қызмет көрсету нәтижесінде алынған барлық құжаттар, материалдар және ақпаратты беру; 4.4.10. Орындаушы көрсеткен Қызметтер барысында мүдделер қайшылығы анықталған жағдайда, Орындаушы туралы мәліметтерді Қор тобының корпоративтік порталында орналастырылған және барлық деректерді Үлестірілген базада ашып отыру арқылы жаңартылатын Мүдделер қайшылығы мәселелері бойынша Кеңесшілердің Бірыңғай электрондық деректер базасына енгізу; 4.4.11. Консультациялық қызметтерге тарту кезінде мүдделер қайшылығын болдырмау саясатына сәйкес (2014 жылғы 16 қазандағы «Самұрық-Қазына» АҚ директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, №114 хаттама) Орындаушыға қатысты тиісті мәліметтер алу және/немесе Орындаушының міндеттемелерін, жалпыға бірдей мойындалған нормалар мен іскерлік этика ережелерін, сондай-ақ осы тармақта көрсетілген Саясат талаптарын бұзуы туралы кәсіби бірлестікті хабардар ету мақсатында мемлекеттік органдарға/ұйымдарға, Орындаушы мүшелік ететін кәсіби бірлестіктерге жүгіну; 4.4.12. Орындаушы (егер Орындаушы жеке тұлға болса) және оның консультациялық қызмет көрсетуге тартылған қызметкерлерінің жеке деректерін жинау және өңдеу; 4.4.13. Орындаушыдан өндірістік қуаттар, активтер және қаржылық тұрақтылығын растайтын басқа құжаттардың болуын растауды талап ету, сондай-ақ Орындаушыға сырттай тексерулер жүргізу;

4.5. Тапсырыс беруші мен Орындаушы, сондай-ақ олардың қосалқы орындаушылары (қосалқы мердігерлер), қызметкерлері, агенттері мен қызметшілері Қазақстан Республикасының Салық кодексі және оларға қолданылатын басқа да ережелерді, соның ішінде есеп беру, салықтар, баждар және басқа төлемдер төлеу міндеттемелерін сақтауға жауапты; 4.6. Әрбір тарап заңнамада белгіленген салықтар мен басқа міндетті төлемдерді бюджетке аударуға тиіс; 4.7. Осы Шарттың әрбір Тарапы басқа Тарапты бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің төленбеуі немесе уақытылы төленбеуімен байланысты кез келген талаптар мен даулардан босатады және қорғауға міндетті, оның ішінде тиісті мемлекеттік орган осы төлемдердің төленбеуі немесе уақытылы төленбеуі жағдайында кінәлі Тарапқа салуы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

мүмкін айыппұлдар мен пайыздық төлемдерді де қамтиды; 4.8. Орындаушы Тапсырыс берушіге толықтай өтемақы төлеуге міндетті, оның ішінде мемлекеттік органдар/уәкілетті тұлғалар және басқа заңды немесе жеке тұлғалардың шағымдары, сот талаптары, айыппұлдар, әкімшілік/сот талаптары салдарынан туындаған шығындар мен залалдар, егер олар Орындаушыға байланысты себептерден туындаса, соның ішінде салықтар мен басқа міндетті төлемдерді уақытында орындамау, ҚҚС декларациясына деректерді кешіктіріп көрсету, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды орындамау сияқты жағдайлар. 4.9. Орындаушы бюджетке тиісті салықтар мен басқа міндетті төлемдерді уақытылы және дұрыс есептеп, төлеуге, сондай-ақ салықтық есепті дұрыс жасап, оны салық органына уақтылы ұсынуға міндетті. Орындаушы Тапсырыс берушіге қосымша есептелген төлемдерді, соның ішінде салықтар, өсімпұл және басқа төлемдерді өтеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарылмаған ҚҚС сомасына тең біржолғы айыппұл төлеуге міндетті, аталған сомаларды Тапсырыс берушінің тиісті хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтеу (төлеу) қажет. Бұл талап мемлекеттік органдар тарапынан камералық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және/немесе тексерулер жүргізу, сондай-ақ басқа шаралар барысында Келісім-шартта көзделген операцияларға қатысты есеп айырысулардың көрсетілмеуі (төленбеуі) немесе расталмауы фактілері анықталған жағдайда орын алады. Сол себепті Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС асып төленген соманы қайтарудан бас тартылуы немесе салықтар мен басқа міндетті төлемдердің қосымша есептелуі мүмкін. Орындаушы осы тармақ бойынша жауапкершілікті тек өз әрекеттері (әрекет жасамауы) үшін ғана емес, сонымен қатар Келісім-шарт бойынша міндеттерді орындауға тартылған қосалқы мердігерлердің (қосалқы жеткізушілердің), қызметкерлердің, агенттердің және қызметшілердің әрекеттері (әрекет жасамауы) үшін де алады. Бұл әрекеттер кез келген негізбен Тапсырыс берушімен есеп айырысуларды растамауға, ҚҚС-ты қайтармауға және салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеуге әкеп соққан жағдайда қолданылады.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің техникалық сипаттамаға және Келісім-шарттың басқа шарттарына сәйкестігін тексеруге құқылы. 5.2. Орындаушы Қызметтер толық көлемде аяқталғаннан кейін немесе Қызметтердің жеке бөліктері аяқталғаннан кейін (егер №1 Қосымшасында аралық төлемдер қарастырылса) Тапсырыс берушіге екі данада (Орындаушының қолы қойылған) Қызметтерді көрсету актісін қол қоюға ұсынады және орындалған құжаттаманы тапсырады: - есептер; - және (немесе) басқа құжаттар. Аралық қабылдау кезінде Қызметтер толық көлемде аяқталғанға дейін Тараптар Қызметтердің жеке кезеңдерін аралық Қызметтерді көрсету актілеріне қол қою арқылы тапсыру-қабылдау рәсімін жүргізеді. Аралық Қызметтерді көрсету актілеріне Қызметтер толық көлемде аяқталғаннан кейін қол қойылатын Қызметтерді көрсету актісімен (соңғы немесе қорытынды акт) бірдей тәртіпте және мерзімде қол қойылады. 5.3. Тапсырыс беруші Қызметтердің нәтижелерін (соның ішінде Қызметтерді көрсету актісін және орындалған құжаттаманы) Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарастырып, тексереді. Электрондық құжат ретінде Келісім-шарт жасалған жағдайда, Қызметтерді көрсету актісі Тапсырыс берушіге веб-порталдағы электрондық көшірме түрінде жіберіледі. 5.4. Қызметтерге қатысты ескертулер болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсету актісіне қол қойып, Орындаушыға жібереді. Қызметтерде кемшіліктер немесе олардың сапасына теріс әсер ететін Келісім-шарттан ауытқулар анықталған жағдайда, қабылдау кезінде Тапсырыс беруші дереу, осы Келісім-шарттың 5.3 тармағында көрсетілген мерзім ішінде, Орындаушыға жазбаша хабарлайды. Сонымен қатар, Тапсырыс беруші өз таңдауы мынадай құқықтарға ие болады: 1) Қызмет нәтижелерін қабылдаудан және оларға ақы төлеуден бас тартуға (соның ішінде Қызмет нәтижелерін олардың мақсатына сай пайдалануға мүмкіндік бермейтін, Орындаушы, Тапсырыс беруші немесе басқа тұлға тарапынан жойылуы мүмкін емес кемшіліктер анықталған жағдайда), ал егер олар төленген болса – төленген соманы қайтаруды талап етуге және Қызмет үшін төленген ақшалай соманы алуға, сондай-ақ шығындарды өтеуді талап етуге құқылы. Тапсырыс беруші актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда Тараптар (Тапсырыс беруші тарапынан тиісті талап болған кезде) қажетті пысықтаулардың тізбесі және оларды орындау мерзімдері (Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес Шартты орындаудан бас тартқан жағдайларды қоспағанда) бар екі жақты акт жасайды. 2) Қызмет нәтижелерін қабылдауға және Орындаушыдан: - көрсетілген Қызметтерге ақы мөлшерін сәйкесінше азайтуды; - Орындаушы тарапынан қызмет нәтижелеріндегі кемшіліктерді ақысыз түзетуді; - Қызметтерді қайта көрсетуін талап етуге құқылы. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші бұрын алған қызмет нәтижелерін Орындаушыға қайтарады, егер қызмет сипатына сәйкес осындай қайтару мүмкін болса. Қайта көрсетілген қызметтерді тапсыру-қабылдау актісі осы Келісім-шартта көрсетілген Қызметтерді көрсету актісіне қол қою тәртібімен жүргізіледі; - Кемшіліктерді өз қаражаты немесе үшінші тұлғалар арқылы түзетуге жұмсаған шығындарды өтеуді талап етуге құқылы. Бұл ретте, Тапсырыс беруші Келісім-шарттың 5.5 тармағына сәйкес белгіленген мерзімде анықталған кемшіліктерді жоюға жұмсалған шығындарды өтеу үшін Орындаушыға берілетін төлемнің бір бөлігін ұстап қалуға құқылы. Қызметтерді қабылдау кезінде (қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде белгіленуі мүмкін болмағандардан басқа) кемшіліктер анықталған кезде көрсетілген қызметтер актісінде не қабылдауды куәландыратын өзге құжатта Тараптар бұл кемшіліктерді не оларды жою туралы кейіннен талап қою мүмкіндігін ескертеді. 5.5. Егер Орындаушыға Қызметтерде анықталған кемшіліктерді жою қажеттілігі туралы хабарланғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде немесе Тапсырыс беруші және/немесе уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген басқа мерзімде кемшіліктер жойылмаса, Тапсырыс беруші Келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзуға және шығындарды өтеуді талап етуге құқылы. 5.6 Шарттың 5.4-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды Тапсырыс беруші Қызметтерді қабылдау кезінде кемшіліктерді табуға байланысты (Шарттың 5.4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілгендей), сондай-ақ оларды кейіннен ҚР Азаматтық кодексінде көзделген мерзімдер ішінде табуға байланысты (кепілдік және (немесе) өзге мерзім) қоя алады. 5.7. Егер заңнамада көзделген жағдайларда, көрсетілген Қызметтердің нәтижелерін тиісті мемлекеттік органдардың алдын ала бекітуін немесе келісімін (аттестация, рұқсат, тіркеу, рұқсат беру) алмай пайдалануға болмайтын болса, Орындаушы Тапсырыс берушінің мүдделерін қорғау және осындай бекіту/келісім алу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті. 5.8. Орындаушы осы Шарт бойынша (құзыретті органдардан және (немесе) ұйымдардан) қажетті бекітуді/келісуді ала алмаған жағдайда, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыны алдын ала хабардар ете отырып, Орындаушының есебінен осындай бекітуді/келісуді орындау үшін үшінші тұлғаны таңдауға және тартуға құқылы.

6. Кепілдіктер және Сапа

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе.

6.1. Көрсетілген Қызметтердің сапасы Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тиісті саладағы заңнамасында белгіленген мемлекеттік стандарттар мен талаптарға сәйкес болуы тиіс. Орындаушы көрсетілген Қызметтердің сапасының қолданыстағы талаптарға сай болуын кепілдік етеді. 6.2. Заңнама немесе Келісім-шарт (Келісім-шарттың №2 Қосымшасы) Орындаушыдан Тапсырыс берушіге Қызметтердің сапасы бойынша кепілдік беруін талап етуі мүмкін. Бұл жағдайда сапа кепілдіктері Қызмет нәтижесінің барлық құрамдас бөліктеріне қатысты қолданылады. 6.3. Егер Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, Орындаушы: – осы Шартқа қол қойылған жылы аяқталатын, Шарт қолданылатын және көрсетілген қызметтер актісі (актілері) қол қойылған кез келген қатарынан жүретін он екі айлық кезең ішінде қызметкерлердің ешқайсысы Қазақстан Республикасының аумағында 183 (жүз сексен үш) және одан да көп күнтізбелік күн болмағанын және болмайтынын кепілдендіруге міндетті. Осы қызметкерлерге қатысты кепілдік Орындаушы тарапынан жазбаша түрде расталып, Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге жіберілуге тиіс; немесе – Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге жазбаша хабарлама жолдау арқылы аталған кепілдікті беруден бас тартуға міндетті.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Орындаушы Келісім-шартта артта айтылған Қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Келісім-шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті;

7.2.2. Орындаушы анықталған кемшіліктерді Келісім-шарт талаптарына сәйкес уақытында жоймаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Келісім-шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті;

7.2.3. Қызметтерде ішкі нарықтық құнның нақты есептемесін ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге әрбір кешіктірілген күн үшін Келісім-шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Келісім-шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті;

7.2.4. Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша (Қызметтерді көрсету мерзімін өткізіп алу жағдайларын қоспағанда) осы Шарт бойынша Орындаушының міндеттемелерін орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауының әрбір фактісі үшін (оның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемені қоса алғанда) көрсетілмеген не тиісінше көрсетілмеген Қызметтердің жалпы құнының 10 % мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті;

7.2.5. Орындаушының еңбекақы төлеу саласында Орындаушының қызметкерлері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын оның қоса орындаушылары арасында кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі міндеттемелерді орындамауы жағдайында Орындаушы Тапсырыс берушіге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді;

7.2.6. Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша (Қызметтерді көрсету мерзімін өткізіп алу жағдайларын қоспағанда) айыппұл төлеуге міндетті: 1) Орындаушының Шарт талаптарын қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау бөлігінде, оның ішінде Шартқа қосымша болып табылатын «Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптары. Бұзушылықтар үшін айыппұл мөлшерлері» қосымшасында белгіленген талаптарды орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауының әрбір жағдайы үшін – Шартқа қоса берілген аталған Қосымшада көзделген мөлшерде; 2) Шарттың жалпы құнының 10 % мөлшерінде: (i) Шартқа қосымша болып табылатын «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның өз объектілерінде немесе «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін қызметін жүзеге асыратын мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл қағидаларының» 2 және 3-бөлімдерін бұзу жағдайларында; (ii) Шартқа қосымша болып табылатын «Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптары. Бұзушылықтар үшін айыппұл мөлшерлері» құжатында тиісті бұзушылық үшін айыппұл мөлшері көзделмеген жағдайда, аталған Талаптарды бұзу жағдайларында; сондай-ақ (iii) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына жатпайтын өзге де бұзушылықтар жағдайларында. Сонымен қатар, Орындаушы көрсетілген айыппұлдардан бөлек, Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды толық көлемде өтеуге міндетті.

7.2.7. Егер Тапсырыс беруші Келісім-шарттың 8.3. т. 2 тт. сәйкес Келісім-шартты бір жақты тәртіппен бұзса, Орындаушы Тапсырыс берушіге Келісім-шарттың 7.2.4 тармағында көрсетілген айыппұлды төлеуге міндетті;

7.2.8. Орындаушының Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамауы жағдайында, егер еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Келісім-шартқа Қосымшада өзге тұрақсыздық айыбы мөлшері көзделмеген болса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы құнының 0,1 % мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10 % мөлшерінен аспайтын тұрақсыздық айыбы түріндегі жауапкершілікке тартылады;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.2.9. Осы Келісім-шарттың талаптарына сәйкес осы Келісім-шартты орындауға тартылған қызметкерлерге жалақы белгілеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған жағдайда Орындаушы Келісім-шарттың жалпы құнының кемінде 10 % мөлшерінде айыппұл түріндегі жауапкершілікке тартылады. Аталған айыппұл Орындаушы тарапынан төленуге тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптардың көрсетілген Қызметтерді қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (қорытынды) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуға құқылы;

7.2.10. Осы Келісім-шарттың талаптарына сәйкес Келісім-шартты орындауға тартылған Орындаушы қызметкерлерінің жалақысын және әлеуметтік қолдауға арналған шығыстарды ұлғайту жөніндегі міндеттемелер орындалмаған жағдайда Орындаушы Келісім-шарттың жалпы құнының кемінде 10 % мөлшерінде айыппұл түріндегі жауапкершілікке тартылады. Аталған айыппұл Орындаушы тарапынан төленуге тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптардың көрсетілген Қызметтерді қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (қорытынды) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуға құқылы;

7.2.11. Осы Келісім-шарт бойынша Тапсырыс беруші тарапынан төлем жасалған және Орындаушының осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамауы немесе тиісінше орындамауы және (немесе) Келісім-шарттың тоқтатылуы (оның ішінде бұзылуы арқылы) жағдайында Орындаушы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей бұл туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге және Тапсырыс берушінің алғашқы жазбаша талабы бойынша, шығыстары жұмыстарды/қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен расталмаған алынған ақшалай қаражатты талап жолданған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшалай қаражатын заңсыз пайдаланғаны үшін әрбір кешіктірілген күн үшін қайтарылуға тиіс соманың 0,1 % мөлшерінде, бірақ Келісім-шарттың жалпы сомасының 10 % мөлшерінен аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

7.2.12. Орындаушының Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді бұзуы, орындамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында, Келісім-шарттың 7.2-тармағында көзделген тұрақсыздық айыбын/айыппұлды/өсімпұлды төлеу туралы талаптардан бөлек, Тапсырыс беруші Келісім-шарттың 8.3. т. 2) тт. сәйкес Келісім-шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы;

7.2.13. Тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұлдан, айыппұлдан) тыс, толық көлемде өтелуге тиіс;

7.2.14. Қызметтердегі кемшіліктерді Тапсырыс беруші өз күшімен және өз қаражаты есебінен жойған жағдайда, Орындаушы мұндай шығындарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті;

7.2.15. Орындаушы өзінің келісім-шарттық міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші келесі санкцияларды қолдануға құқылы: Келісім-шартты тоқтату және/немесе Тапсырыс берушіге айыппұл төлеу.

7.2.16. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

7.2.17. Өнім беруші белгіленген тәртіппен сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан Қызметтер көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Өнім беруші міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауап береді, оны Өнім беруші төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдап алу - тапыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

7.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.3.1. Келісім-шарт бойынша төлемдердің (оның ішінде аванстық төлемдердің) кешіктірілуі жағдайында Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде әрбір күнтізбелік кешіктірілген күн үшін, бірақ Келісім-шарттың жалпы сомасының 10 % мөлшерінен аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

7.3.2. Орындаушы ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға аванстық төлем сомасының 0,1 % мөлшерінде әрбір күнтізбелік кешіктірілген күн үшін, бірақ аванстық төлем сомасының 10 % мөлшерінен аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

7.3.3. Тапсырыс берушінің Қызметтерді қабылдауды кешіктіруі жағдайында Орындаушы Тапсырыс берушіден мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Келісім-шарттың жалпы сомасының 10 % мөлшерінен аспайтын өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы;

7.3.4. Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтер Актісіне қол қоюды кешіктіруі жағдайында Орындаушы Тапсырыс берушіден кешіктірілген соманың 0,1 % мөлшерінде әрбір күнтізбелік кешіктірілген күн үшін, бірақ Келісім-шарттың жалпы сомасының 10 % мөлшерінен аспайтын өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы;

7.3.5. Тапсырыс берушінің Келісім-шарт талаптарына сәйкес Орындаушыға Қызметтерді көрсету үшін ұсынылуы тиіс құжаттарды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

негізсіз кешіктіріп ұсынуы салдарынан Орындаушы Келісім-шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кешіктіруден келтірілген залалдардың орнын толтыруды Тапсырыс берушіден талап етуге, сондай-ақ Келісім-шарт талаптарына өзгерістер енгізбей, Қызметтер көрсету мерзімін мұндай кешіктіруге мөлшерлес түрде ұзартуға құқылы.

7.4. Орындаушының Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзуы жағдайында Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті жеткізушілерінің (жеткізушілерінің) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.5. Келісім-шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде Қызметтер нақты көрсетілген сома Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлем сомасынан аз болған жағдайда, Тапсырыс беруші аванстық қайтаруды қамтамасыз ету ретінде енгізілген сомадан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.7. Тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (айыппұлдан, өсімпұлдан) тыс толық көлемде өтелуге тиіс.

7.8. Орындаушы осы Келісім-шарт бойынша Орындаушының міндеттемелерін орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің осы Келісім-шарт бойынша төлеуге жататын сомалардан ұстап қалуына келісім береді.

7.9. Орындаушы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындамау және (немесе) тиісінше орындамау салдарынан Тапсырыс берушіге келтірілген нақты залал мен айырылып қалған пайданы (жіберіп алған пайда) өтеуге жататын және Тапсырыс берушіге тиесілі сомаларды осы Келісім-шарт және Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған өзге де Келісім-шарттар бойынша төленуге тиіс сомалардан Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келісім береді.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныстарды енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 бабының 2 тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

8.3.1. Қызметтерге деген негізделген орынсыздық болған жағдайда, атап айтқанда:

8.3.1.1. Төтенше жағдай немесе экономикадағы басқа теріс құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығындары қысқартылған жағдайда;

8.3.1.2. Ұжымдық атқарушы орган/бақылаушы кеңестің шешіміне сәйкес Өндірістік қажеттіліктің болмауы, (егер ұжымдық атқарушы орган/бақылаушы кеңесі болмаса, Тапсырыс берушінің басқарушы органы/жоғарғы органының (қатысушылардың жалпы жиналысы) шешімі негізінде);

8.3.2. Орындаушы банкрот деп жарияланған, төлем қабілетсіз деп танылған, сондай-ақ қызметтерді жүзеге асыру құқығына берілген рұқсат-хаттардың (лицензиялардың) қолданылуы тоқтатылған немесе болмаған жағдайда, оның ішінде Орындаушыны қызметтерді орындау құқығынан айыратын өзге де құжаттар болған кезде, Келісім-шарт дереу бұзылады. Осы тармақ Орындаушының Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындауын шектейтін сот актілері мен сот орындаушыларының қаулылары негізінде де Тапсырыс беруші тарапынан қолданылуы мүмкін.

8.4. Тапсырыс беруші Келісім-шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан жағдайда, Орындаушыға Келісім-шартты бұзудың болжанған күнінен кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Келісім-шартты бұзудың себебі, күшін жоятын шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Келісім-шартты бұзудың күшіне ену күні көрсетілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар бойынша Келісім-шарт бұзылған кезде Орындаушы бұзылған күнге дейін Келісім-шартты орындауға байланысты іс жүзінде шеккен шығыстарын ғана төлеуді талап етуге құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.7. Тапсырыс беруші Келісім-шартты Орындаушының өз міндеттемелерін бұзуы салдарынан бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Келісім-шартта көзделген айыппұл санкцияларының сомасын төлеуге, сондай-ақ жіберіп алған пайданы қоса алғанда, Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды өтеуге міндетті.

8.8. Келісім-шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар олар Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша жазбаша келісім түрінде ресімделіп, тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды болып есептеледі.

8.9. Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген жағдайда, Орындаушы негіздеген және Тапсырыс беруші растаған сомаға Келісім-шарт сомасын ұлғайтудан Тапсырыс беруші бас тартқан кезде, Келісім-шарт тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

8.10. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тәртіпте көзделген өзге де жағдайларда тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

8.11. Орындаушы және оның қоса орындаушылары (қосалқы мердігерлері) Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары болып табылатын қызметкерлердің еңбекақысын төлеу саласында кемсітушілікке жол берген жағдайда (осыған байланысты Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды Орындаушының толық өтеуі шартымен), сондай-ақ «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның өз объектілерінде немесе «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін қызметін жүзеге асыратын мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл қағидаларының 2 және 3-бөлімдері бұзылған жағдайларда, Тапсырыс беруші Келісім-шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Келісім-шарттың шарттарына сәйкес қандай да бір хат-хабар алмасу жүргізу, хабарламалар, нұсқаулар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдерді ұсыну не шығару қажет болса және өзге тәртіп көзделмеген жағдайда, мұндай хат-хабар алмасу негізсіз бас тартулар мен кідірістерсіз жазбаша түрде жүзеге асырылады. 9.2. Осы Келісім-шартқа сәйкес немесе оған байланысты жүргізілетін барлық хат-хабар құжаттарында тараптардың деректемелері және Келісім-шарттың нөмірі көрсетілуге тиіс. 9.3. Осы Келісім-шарттың шарттарына сәйкес жазбаша түрде ресімделуі тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұраулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулар, тапсырыстар, сертификаттар немесе өзге де хабарламалар алдын ала ұсынылуы және қолма-қол тапсырылуы не тапсырыс хатпен пошталық хабарламамен, факс арқылы немесе электрондық пошта арқылы жіберілуі тиіс, әрі факс немесе электрондық нұсқасы алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасы ұсынылуы қажет. Бұл талап уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен қол қойылып, Орындаушының ресми электрондық мекенжайына электрондық түрде жолданған хат-хабарға қолданылмайды. Егер Келісім-шартта Орындаушының электрондық мекенжайы тікелей көрсетілмесе және Орындаушы оны Тапсырыс берушіге ұсынбаған жағдайда, Орындаушының ресми электрондық мекенжайы ретінде Веб-порталда көрсетілген электрондық мекенжай есептеледі. Осы Келісім-шартқа сәйкес немесе оған байланысты жүргізілетін барлық хат-хабар құжаттарында тараптардың деректемелері және Келісім-шарттың нөмірі көрсетілуге тиіс. 9.4. Электрондық пошта және (немесе) тапсырыс пошта, курьерлік пошта, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (одан ертерек алынғанын растайтын дәлел болмаған жағдайда) оны тапсыру фактісі тіркелген сәттен бастап жеткізілген болып есептеледі. 9.5. Тапсырыс (авиа) хат арқылы жіберілген хабарлама пошталық бөлімшенің немесе курьерлік қызметтің жеткізілгенін растайтын мөртаңбасы болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі. 9.6. Тараптар заңды мекенжайына, нақты орналасқан жеріне және банктік деректемелеріне қатысты мәліметтер өзгерген жағдайда, бұл туралы бір-бірін дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Келісім-шарт тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және тараптардың Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындауына дейін қолданылады.

10.1.1. Келісім-шарттың өзге шарттарына қарамастан, егер Тапсырыс берушінің уәкілетті органы Келісім-шартты жасасу немесе мәмілені бекіту туралы шешім қабылдауы талап етілсе, Келісім-шарт осындай шешім қабылданғаннан кейін күшіне енеді. Ал егер мұндай шешім тараптардың уәкілетті органдары тарапынан қабылдануы талап етілсе, Келісім-шарт соңғы шешім қабылданған күндердің бірінен бастап күшіне енеді.

10.2. Келісім-шарттың 10.1-тармағында көрсетілген шарттарға қарамастан, егер Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, өзара есеп айырысулар бөлігінде Келісім-шарт 10.1-тармақта көрсетілген күннен бастап 3 (үш) ай мерзім ішінде қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

11.1. Тараптар осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалмауы үшін, егер ол еңсерілмейтін күш мән-жайларының, яғни осы жағдайларда төтенше әрі алдын алуға болмайтын мән-жайлардың салдарынан туындаған болса, жауапкершіліктен босатылады. 11.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін болмай қалған тарап осындай мән-жайлар басталған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде басқа тарапты форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі мен оның себептері туралы жазбаша түрде (хабарлама арқылы) хабардар етуге, сондай-ақ «Қазақстанның Сыртқы сауда палатасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі берген еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажордың) басталғанын растайтын куәлікті ұсынуға міндетті. Егер форс-мажор мән-жайлары Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын тарапқа қатысты орын алса, онда Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындаушы тарап орналасқан елдің уәкілетті органы берген осындай мән-жайлардың басталғанын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс. 11.3. Сондай-ақ тараптар осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелердің ішінара немесе толық орындалмауы үшін, егер қандай да бір тараптың міндеттемелерді орындауы ереуілдерге, наразылық акцияларына, локауттарға, өзге де еңбек дауларына не мемлекеттік билік органдарының немесе «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының шоғырланған тобына кіретін ұйымдардың тыйым салу сипатындағы шешімдер немесе шаралар қабылдауына, сондай-ақ тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс өзге де мән-жайларға байланысты мүмкін болмаған жағдайда және мұндай мән-жайлар Келісім-шартты орындаудың мүмкін еместігіне әкеп соқтырса, жауапкершіліктен босатылады. 11.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары және (немесе) осы Келісім-шарттың 11.2 және 11.3-тармақтарында көрсетілген өзге де мән-жайлар туындаған жағдайда, міндеттемелерді орындау аталған мән-жайлардың қолданылу мерзіміне кейінге қалдырылады. 11.5. Жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың және олардың қолданылу мерзімінің жеткілікті дәлелі ретінде «Қазақстанның Сыртқы сауда палатасы» ЖШС берген куәліктер танылады. Ал егер форс-мажор мән-жайлары Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын тарапқа қатысты орын алса, онда Келісім-шарт талаптарын орындауға міндетті тарап орналасқан елдің уәкілетті органы берген осындай мән-жайлардың басталғанын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Келісім-шарттан тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

12.2. Егер мұндай келіссөздер нәтижесінде тараптар Келісім-шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен осы мәселені қарауды талап етуге құқылы. Осы Келісім-шартта реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

13.8. Орындаушы төменде көрсетілген мәлімдемелер мен кепілдіктердің сақталуын қамтамасыз етеді, атап айтқанда, Орындаушы: - мемлекетпен байланысты тұлға болып табылады/болып табылмайды, сондай-ақ оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері немесе тікелей не жанама иеленушілері болып табылатын саяси мәні бар тұлғалары бар/жоқ екенін растайды. Орындаушы қандай да бір саяси мәні бар тұлға Орындаушының лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болған, не Орындаушының тікелей немесе жанама қатысу үлесін иеленген барлық жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді; - қандай да бір заңсыз мақсаттарда емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылғанын және қаржыландырудың тек заңды көздеріне ие екенін; - Орындаушы және оның үлестес тұлғалары алаяқтыққа немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңсыз әрекеттерді жасағаны үшін сотталмағанын немесе кінәлі деп танылмағанын растайды. Орындаушы өзі немесе оның қандай да бір үлестес тұлғалары осындай заңсыз әрекеттерді жасағаны үшін сотталған немесе кінәлі деп танылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіні дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді; - Орындаушы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның (ҚМГ) Іскерлік этика кодексімен және Тапсырыс берушінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатынымен Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында танысқанын растайды, сондай-ақ ҚМГ Іскерлік этика кодексі мен Тапсырыс берушінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын толық түсінетінін куәландырады.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагенттер-банктерге талап етілетін байланыс арналарының хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелерді жіберу арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

